ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

27.03.2019 № КВГА-В/4282

ТОО «NURLY ASPAN»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (*бұдан әрі - Комитет*) Сіздің 2019 жылғы 03 наурыздағы №30857 электронды шағымыңыз негізінде, Шымкент қаласы білім басқармасының "№6 колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнымен өткізілген №2996869-2 «№6 колледжіне азық-түлік тауарларын мемлекеттік сатып алу» электронды конкурсына камералдық бақылау жүргізілді.

Сіздің шағымыңыздағы уәжіңіз өз дәлелін тапты.

Қамералдық бақылау нәтижелері бойынша Комитет Камералдық бақылау жүргізу қағидаларына сәйкес шаралар қолданатын болады.

Сонымен қатар, камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ережесінің 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 47-бабының 6-тармағына және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Бұл ретте ҚР 2015 жылдың 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу» Заңының 47-бабы 9-тармағына сәйкес дауларды шешудің сотқа дейінгі процедурасы міндетті болып табылады.

Төраға орынбасары **Ш. Шайназарова**

Орын. А.Досыбаев
Тел. 71-78-73